

ҚАЗАҚСТАНДА ГЕОЛОГТАР КҮНІ СӘУІРДІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ АТАЛЫП ӨТІЛЕДІ. БҰЛ – ЕЛІМІЗДІҢ БҮКІЛ ГЕОЛОГИЯ САЛАСЫ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА. БҰЛ МЕРЕКЕ ГЕОЛОГТАРДЫҢ ЕЛІМІЗДІҢ МИНЕРАЛДЫҚ ШИКІЗАТ БАЗАСЫН ҚҰРУДАҒЫ СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІН ЕСКЕ АЛУ МАҚСАТЫНДА БЕЛГІЛЕНДІ.

Қоршаған орта қорғаншылары

Геологтар (геологиялық қызметкер) – геологиялық ғылыммен айналысатын жандар. Олар Жердің және басқа планеталардың құрылысын, қасиеттерін және дамуын зерттейді. Пайдалы қазбаларды іздеуден басқа геологтар теориялық және практикалық мәселелерді шешумен айналысады.

Қазақстанның тұңғыш геолог ғалымы – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. 1899 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген ол – көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастырушысы және тұңғыш президенті, Қазақ КСР Академиясының академигі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы.

Ғалымның жазуынша, геологтардың негізгі мақсаттарының бірі – тау жыныстарының жасын анықтау. Ол мақсатты орындау полеонтологиялық зерттеу тәсілін қолданудың нәтижесінде мүмкін болады. Бұл



тәсіл тірі ағзалардың (өсімдіктер, жәндіктер және жануарлар) эволюциясын зерттеп, оларды даму кезеңдеріне бөлуге және соның негізінде геохронологиялық кестені дайындауға мүмкіндік берді.

Геологтар күні – қазақстандық геологтар үшін маңызды күн, өйткені бұл олардың жетістіктері мен жоспарларын саралау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелері мен тәжірибелерін әріптестерімен және қо-

ғаммен бөлісу мүмкіндігі. Бұл күн – сондай-ақ геологтар мен қоғам арасындағы байланысты нығайтуға, оған қоса геология саласының мәселелеріне назар аударуға арналған. Мысалы, бұл – экология мәселелері, жаңа кен орындарын игеру, геологиялық зерттеулердің технологиялары мен әдістерін жетілдіру және т.б. Қазақстанда геологиялық барлау және қатты пайдалы қазбаларды іздеу жұмыстарын жүргізе алатын бі-

лікті геологтарға сұраныс күн сайын артып келеді. Геолог мамандығы аналитикалық, креативті және әртүрлі өмірлік қызығушылықтары бар адамдарды қажет етеді. Әлемнің полярлық, шөлді, тайгалық және биік таулы аймақтарында далалық зерттеулер жүргізуді, ғылыми зертханаларда жұмыс істеу кезінде жаңалықтар ашуды, үш өлшемді модельдеу, қорды есептеу және ресурстарды бағалау бойынша дәл жұмыстарды орындауды жүргізе алатын білікті мамандарды даярлау – оқу орындарының басты міндеті.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің инженерлік және сандық технологиялар факультетінде геология саласындағы мамандар даярлануда. Студенттер жыл сайын әртүрлі дәрежедегі ғылыми мекемелерде, өндірістік және өндірістік емес кәсіпорындарда тәжірибеден өтеді.

**Мәдина КАЛЕНОВА,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ-дың студенті.**